

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2017-2018 оқу жылындағы
№5 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің
ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

21 желтоқсан 2017 жыл

Сағат 15:00

Ректорат – Сенат залы

Қатысқандар – 28

Күн тәртібі:

1. Пәндер бойынша Жаппай ашық онлайн-курстар (*Massive open online courses, MOOC*) дайындау туралы (*КазТЕП директоры – Е.С.Мендыбаев*).
2. Стратегиялық жоспар аясында оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы (*Филология факультетінің деканы – Н.Қ.Айтбаева*).
3. Факультеттерде кафедралар бойынша өзара сабақтарды ұйымдастыру және өткізу сапасы (*Факультеттердің Оқу-әдістемелік Кеңес төрағалары, төрайымдары*).
4. Әр түрлі мәселелер:
 - 4.1. 2017-2018 оқу жылында бітіруші докторанттар үшін кешенді емтихан бағдарламаларын бекіту туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Е.М.Тулегенов*).
 - 4.2. Университетте бітіруші студенттерге қосымша академиялық кезенді ұйымдастыру туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Е.М.Тулегенов*).
 - 4.3. 2018-2019 оқу жылында жаңа мамандықтарды ашуға ұсыныс беру (*Әдістемелік бөлім басшысы - Ж.И.Исаева*).
 - 4.4. «Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу» Ережесіне өзгерістер енгізу туралы (*Құқық бөлім басшысы – А.Ә.Әбсеметов*).
 - 4.5. Медицина факультеті бойынша:
 - 4.5.1. 2018-2019 оқу жылында қабылданатын білімгерлер үшін GPA өту балының жоғарылату деңгейін қолдану туралы (*Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев*);
 - 4.5.2. Университетте СМЖ бойынша «Білім алушылар, профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы» Ережеге өзгеріс енгізу туралы (*Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев*).
 - 4.5.3. 5B130100-Жалпы медицина, 5B130200-Стоматология мамандықтарының 1-курс студенттері үшін 2017-2018 оқу жылының көктемгі семестріндегі пәндер бойынша сағаттарды қайта үйлестіру (*Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев*).
 - 4.6. Әлеуметтік ғылымдар факультеті бойынша:
 - 4.6.1. ТТЕ гранты, квота негізінде білім алушылар үшін орыс тілді бөлімін ашу туралы (*Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы – Мехмет Топлу*).
 - 4.6.2. «Философия» пәнін 3 кредит бойынша оқыту туралы (*Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы – Мехмет Топлу*).
 - 4.7. Профессор Г.Г.Еркибаеваға Авторлық құқыққа иелік беру туралы.
 - 4.8. Оқу үдерісінде ағылшын тілі пәнінің лабораториялық дәрістерін үлестіру туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Е.М.Тулегенов*).
 - 4.9. Университет мамандықтары бойынша «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесін» бекіту туралы (*Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы – С.М.Мухиддинова*).

4.10. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту (*Эксперттік комиссия төрайымы – Ж.И.Исаева, эксперттік комиссия мүшесі – У.Маханбетова*).

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1. 2019-2023 жылдарына Университет Стратегиялық даму жоспарына «Пәндер бойынша Жаппай ашық он-лайн курстары» индикаторын енгізу ұйымдастыру және дайындық іс-шаралары жүргізілсін. Мерзімі: қантар-наурыз 2018ж. (*КазТЕП директоры – Е.С.Мендыбаев*).

1.2. 2017-2018 оқу жылының жазғы семестрінен «Пәндер бойынша Жаппай ашық он-лайн курстары» индикаторының кезеңдестірілген жоспар аясында енгізілген факультеттер ОПҚ-ы үшін таңдалған пәндер бойынша МООС он-лайн курстары ұйымдастырылсын. Мерзімі: шілде-қыркүйек 2018ж. (*Жауапты – КазТЕП директоры Е.С.Мендыбаев*).

Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2.1. Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша Стратегиялық жоспар аясында 2016-2017 оқу жылына оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалу есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын (*Жауапты - факультет деканы*).

2.2. Факультетте Стратегиялық мақсат бойынша орындалмаған индикаторлардың себептері нақтыланып талдау жасалсын, 2017-2018 оқу жылына өсу динамикасы және «қауіпті» тұстары ескерілсін (*Жауапты - факультет деканы, кафедра меңгерушілері*).

Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1. Факультеттерде оқу, оқу-әдістемелік жұмыстарды жандандыру, ОПҚ-ң осы бағытта белсенділігін арттыру мақсатында әдістемелік іс-шаралар ұйымдастыру жолдары қарастырылсын (*Жауапты - факультет ОӘК төрағалары, төрайымдары*).

3.2. Кафедраларда ұйымдастырылған ашық және өзара сабақтарды талдау нәтижесінде көрсетілген кемшіліктері бар ОПҚ-ң тізімі бойынша университеттің Үздіксіз білім беру институтында тегін жетілдіру курстары ұйымдастырылсын (*Жауапты – факультет ОӘК төрағалары мен төрайымдары, Үздіксіз білім беру институты директоры К.А.Құрбаниязов*).

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1. 2017-2018 оқу жылында университетте докторантура мамандықтары бойынша бітіруші курс білімгерлері үшін кешенді емтихан бағдарламалары бекітілсін, Сенат күн тәртібіне ұсынылсын (*Жауапты - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.М.Тулегенов*).

Факультет	Докторанттар саны			
	Грант	Т.квотасы	Ақылы	Жалпы
Әлеуметтік ғылымдар	1	7		8
6D030100-Құқықтану	1	1		2
6D050600-Экономика		3		3
6D050700-Менеджмент		3		3

Гуманитарлық ғылымдар	3	6		9
6D010300-Педагогика және психология	2	4		5
6D011400-Тарих	1	4		4
Жаратылыстану	2			2
6D011000-Физика	1			1
6D070500-Математикалық компьютерлік модельдеу	1			1
Филология	3	3		6
6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті	3	3		6
Медицина	6	3		9
6D110100-Медицина	3	3		6
6D110200-Қоғамдық денсаулық сақтау	3			3
Жалпы	15	19		34

4.2. 2017-2018 оқу жылында академиялық қарызбен көшкен бітіруші білімгерлерге қарыздарын жою үшін 08.01 - 03.02.2018ж. аралығында ақылы негізде қосымша академиялық кезең ұйымдастырылсын, Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.М.Тулегенов*).

4.3. 2018-2019 оқу жылында жаңа мамандықтар ашуға тізім бойынша бекітілсін, университеттің Сенат күн тәртібіне ұсынылсын (*Жауапты - Әдістемелік бөлім басшысы Ж.И.Исаева*).

Факультет атауы		Лицензия алуға ұсынылған мамандықтар
1	Гуманитарлық ғылымдар	1)5B012900-География-тарих 2)5B013000-Тарих-дінтану 3)5B021500-Исламтану 4)6M021100-Геология
2	Әлеуметтік ғылымдар	1)5B030200-Халықаралық құқық
3	Филология	1)5B021200-Түркітану
4	Жаратылыстану	1)5B012500-Химия-Биология 2)5B012600-Математика-Физика 3)5B012700-Математика-Информатика 4)5B012800-Физика-Информатика
5	Өнер	1)5B040800-Эстрада өнері
6	Дипломнан кейінгі білім беру	1)6R112500-Клиникалық фармакология 2)6R113300-Балалар хирургиясы 3)6R113000-Нейрохирургия

4.4. Университетте «Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу» Ережесі бойынша - 5.1.Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу бөлімінің 5.1.35 тармағында «Емтиханға металл іздегіш құралдары арқылы тексеріп кіргізу барысында... Арнайы электронды құрылғылар табылған жағдайда білім алушыларды бір жылға оқудан шығаруға ұсыныс беріледі» деген сөйлем **емтиханға кірмеген білім алушыны оқудан шығаруға негізсіз деп** «Емтихан тапсыру барысында арнайы электронды құрылғылар табылған жағдайда білім алушыларды бір жылға оқудан шығаруға ұсыныс беріледі» деп өзгертілсін, Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры – Е.М.Тулегенов*).

4.5.1. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 25.09.2017 жылғы №06-9/30399-П қызмет хатына сәйкес 1,2,3 курс студенттер үлгерімі бойынша талдау негізінде 2018-2019 оқу

жылында қабылданатын 5В130100-Жалпы медицина және 5В130200-Стоматология мамандықтары үшін GPA өту балының жоғарылату деңгейін қолдану туралы қосымша талқылануға жіберілсін, Оқу-әдістемелік кеңестің кезекті мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - Медицина факультетінің деканы С.Қ.Тұртабаев, Стоматология факультетінің деканы Юксел Түркөз*).

4.5.2. Университетте СМЖ бойынша бекітілген УЕ-ХҚТУ-047-2014 «Білім алушылар, профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы» Ереженің 6 бап 15 тармағына ішінара өзгеріс енгізілсін, Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.М.Тулегенов*).

4.5.3. 5В130100-Жалпы медицина, 5В130200-Стоматология мамандықтарының 1-курс студенттері үшін 2017-2018 оқу жылының көктемгі семестріндегі пәндердің сағаттары бір кредитке семестр түріндегі академиялық кезең бойында студенттің аудиториялық жұмысы 15 сағатқа теңестіріліп, аудиториялық жұмысының академиялық сағаттары 15 сағат оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ) және 15 сағат студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) сағаттарының санымен толықтырылсын, Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты – Оқу-әдістемелік орталық басшысы Г.Қ.Жумжаева*).

4.6.1. Әлеуметтік ғылымдар факультеті «Құқықтану» кафедрасының 2017-2018 оқу жылында ТМД мемлекеттерінен ТТЕ гранты, квота негізінде қабылданған 1 курс студенттерінің орыс тілді қарым-қатынас ерекшеліктеріне байланысты және білім алушылардың өтініштері негізінде орыс тілді бөлім ашу туралы университеттің Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Е.М.Тулегенов*).

4.6.2. Университетте бакалавриат бойынша барлық мамандықтарға негізгі және жалпыміндетті «Философия» пәнін 3 кредит бойынша оқыту қайта талдауға және ұсыныстар негізінде 2018-2019 оқу жылында енгізуге мамыр айында Оқу-әдістемелік кеңестің кезекті мәжілісінің күн тәртібіне ұсынылсын (*Жауапты – Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Мехмет Топлу*).

4.7. Университеттің оқу процесінде әдістемелік технологияларды меңгеру, заманауи деңгейде жаңашыл деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын енгізуді қолдау мақсатында профессор Г.Г.Еркибаеваға Авторлық құқыққа иелік беру туралы шешім университеттің Сенат күн тәртібіне ұсынылсын (*Жауапты – ОӘК хатшысы Г.Ж.Примкулова*).

4.8. 2017-2018 оқу жылының II-ші семестрінде оқытылатын ағылшын тілінің 3 кредиті практикалық, 1 кредиті лабораториялық; түрік тілінің 2 кредиті практикалық, 1 кредиті лабораториялық сабақ ретінде (мамандықтардың ЖОЖ, штат кестесі мен ОПК-ң жүктемелеріне өзгеріс енгізілмей) үлестірілсін, университеттің Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - факультет деканы Н.Қ.Айтбаева*).

4.9. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығының 2-бап, 9-тармағына сәйкес **Кәсіптік практика бағдарламаларын** және 1-қосымшасы «**Жолдама**» мен 2-қосымшасы «**Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар-кестесін**» Жұмысқа орналастыру орталығының басшысымен келісіліп, факультет декандарымен бекітілсін, Сенат күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын (*Жауапты - Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы – С.М.Мухиддинова*).

4.10. Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулары тізім бойынша бекітілсін (Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы Ж.И.Исаева).

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТИ

- 1.«Хирургиялық аурулар» кафедрасының профессоры, м.ғ.к. Ш.М.Сейдинов, м.ғ.к., доцент М.С.Жүнісов және м.ғ.к., аға оқытушысы Е.А.Ибадуллаев дайындаған «Маммологиядан оқу құралдар жинағы» атты оқу құралын;
- 2.«Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының б.ғ.к. З.А.Талханбаева, а.ш.ғ.д., профессор К.М.Лаханова дайындаған «Эмбриология негіздері» атты оқу құралын;
- 3.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының м.ғ.к., доцент м.а. К.С.Бабаева дайындаған «Иммунитеттің В-жүйесі. В-лимфоциттердің дифференциялануы. Иммуноглобулиндер» атты оқу құралын;
- 4.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының оқытушы М.А.Сарбасова дайындаған «Шұғыл жағдайларда жедел медициналық көмек» атты оқу құралын;
- 5.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының оқытушысы А.М.Егизова, «Ақушерлік іс және гинекология» кафедрасының оқытушысы К.У.Жолдас дайындаған «Тұлғаның психологиялық денсаулығы» атты оқу құралын;
- 6.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының оқытушысы Ф.Р.Азимова дайындаған «Общая иммунология» атты оқу құралын;
- 7.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының м.ғ.к., доцент м.а. К.С.Бабаева, оқытушы А.Б.Ибрагимова дайындаған «Жалпы иммунологияның аллергология курсы» атты оқу құралын;
- 8.«Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының м.ғ.к., доцент м.а. К.С.Бабаева, оқытушы А.К.Бекарыстанова дайындаған «Физиотерапия және емдік массаж» атты оқу құралын;
- 9.«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының м.ғ.к., доцент м.а. Г.О.Нұсқабаева, оқытушылар Ш.У.Скендерова, С.К.Саттиева дайындаған «Компетентностный подход в обучений студентов медицинского факультета (цикл ревматология)» атты оқу құралын;
- 10.«Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының м.ғ.д., профессор С.Н.Жұмашов дайындаған «Histology, cytology and embryology» атты ағылшын тілінде оқу құралын;
- 11.«Жалпы хирургия» кафедрасының оқытушылары Е.Н.Түлежанов, Ф.Ж.Мусабекова және Астана қаласы ШЖҚ №3 еиханасының дәрігері Ә.Н.Төлежанова дайындаған «Клиникаға кіріспе. Палаталық мейірбике көмекшісі (жеке бөлім) I бөлім» атты оқу құралын;
- 12.«Жалпы хирургия» кафедрасының оқытушылары Ф.Ж.Мусабекова, Е.Н.Түлежанов және Астана қаласы ШЖҚ №3 еиханасының дәрігері Ә.Н.Төлежанова дайындаған «Клиникаға кіріспе. Палаталық мейірбике көмекшісі (жеке бөлім) II бөлім» атты оқу құралын;
- 13.«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының оқытушысы М.С.Алмуханбетова дайындаған «Нейростоматология» атты оқу құралын;
- 14.«Ақушерлік іс және гинекология» кафедрасының оқытушылары К.У.Жолдас, А.М.Егизова дайындаған «Коммуникативті дағдылар-2» атты оқу құралын;

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ

- 15.«Әлем тілдері» кафедрасының профессоры Г.Г.Еркибаева дайындаған «Технология индивидуально-дифференцированного обучения на занятиях русского языка» атты оқу құралын;
- 16.«Әлем тілдері» кафедрасының оқытушысы Қ.С.Бабаева дайындаған «Изучение научного стиля на занятиях русского языка» атты оқу құралын;

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

17.«Экология және химия» кафедрасының д.м.а., х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева дайындаған «Аналитикалық химия пәніне арналған лабораториялық жұмыстар» атты оқу құралын;

ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

18.«Дене тәрбиесі» кафедрасының PhD доцент м.а. Б.Омаров дайындаған «Theory and Techniques of physical training and sport» атты оқу құралын;

ШМИ

19.«Неврология, психиатрия, наркология» кафедрасының м.ғ.к., доцент Г.Б.Абасова, доцент м.а., м.ғ.к. Б.С.Смагулов дайындаған «Психиатрия» атты оқу құралын;

20.«Терапия» кафедрасының аға оқытушысы Б.О.Сахова, доцент м.а., м.ғ.к. Г.А.Шагиева дайындаған «Остеопороз» атты оқу-әдістемелік құралын;

СТОМАТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

21.«Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының оқытушылары А.Н.Ахмедова, Б.А.Ходжаев, А.М.Шожаев дайындаған «Тіс протездерін дайындау технологиясының пәні бойынша дәрістік жинағы» атты оқу-әдістемелік құралын;

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

22.«Дінтану» кафедрасының доцент м.а., филос.ғ.к. С.У.Абжалов дайындаған «Ханафи-Матуриди мазһабы» атты оқу құралын;

ИНЖЕНЕРИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

23.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының аға оқытушысы Н.Е.Досанов дайындаған «Компьютерлік желілер» атты оқу құралын;

24.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының аға оқытушысы Ә.Т.Баялы дайындаған «MS VISIO моделдеу және іскерлік графика негіздері» атты оқу құралын;

25.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының аға оқытушысы Ә.Т.Баялы дайындаған «Офистік бағдарламалар» атты оқу құралын;

26.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының профессоры техн.ғ.к. аға оқытушысы Т.Қ.Қойшиева дайындаған «Операциялық жүйелер Linux/Unix» атты оқу құралын;

27.«Компьютерлік инженерия» кафедрасының аға оқытушысы Н.Е.Досанов дайындаған «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері» атты оқу құралын;

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы

Г. Примкулова